

«West Dala» ЖШС корпоративтік басылымы

WEST DALA NEWS

НӨМІРДЕ:

GEWR, KIOGE, UGF 2024

1-3 бет

БІЗДІҢ САЛАНЫ
ДАМУҒА ҚОСҚАН
ҮЛЕСІМІЗ

3 бет

ӘЛЕУМЕТТІК
БАҒДАРЛАМАЛАР

4 бет

ҚАРТ АДАМДАРҒА
ҚАМҚОРЛЫҚПЕН

5 бет

РЕТРО САЯБАҚТАҒЫ
СЕНБІЛІК

6 бет

МАҢЫЗДЫ GEWR САБАҚТАРЫ

3-4 қазанда Астанада өткен "Green Energy & Waste Recycling" (GEWR) VIII Еуразиялық бизнес-форумы Қазақстандағы қалдықтарды басқару саласын дамытудың өзекті трендтерін көрсетті.

Орталық Азиядағы қалдықтарды басқару жөніндегі ірі форумда «жасыл» энергетика және қалдықтарды қайта өңдеу саласындағы мамандар жиналып, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату, қайта өңдеудің идеялары, табысты тәжірибесі мен үздік технологиялары талқыланды. Форумның негізгі мақсаты - "Жасыл" экономика тұжырымдамасын іске асыру мақсатында тәжірибе алмасу және одан әрі ынтымақтастық үшін платформа құру, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша кешенді диалогты нығайту, ең озық қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) енгізу мүмкіндіктерін дамыту, бірлескен күш-жігерді біріктіру және орнықты дамудың жалпы пайымын (ESG) қалыптастыру үшін климаттың өзгеруі мәселелерін жарықтандыру, инновациялық технологиялық қалдықтарды сұрыптау және қайта

өңдеу секторындағы шешімдер. Бірінші күн бағдарламасы «Қалдықтардың болашағы» пленарлық сессиясынан, сондай-ақ келесі сессиялардан тұрды: «Қалдықтарды басқару жүйесінің қаржылық тұрақтылығы жолында», «Тұтынушыдан қайта өңдеушіге: пластикті жинау және қайта өңдеу деңгейін қалай арттыруға болады». Екінші күні метан бойынша Екінші ұлттық форум өтті, оның шеңберінде «Қалдықтарды жинау, сұрыптау және қайта өңдеу

секторындағы инновациялық технологиялық шешімдер» технологиялық сессиясы, «Қалдықтарды басқарудың кешенді жүйесі: жергілікті деңгейде жоспарлау және іске асыру», «Өнеркәсіптік қалдықтарды тұрақты басқару: нормативтер, әдістемелер және ESG тәсілдері» сессиясы жұмыс істеді, сондай-ақ, «Қалдықтарды басқару секторындағы ШОБ: проблемалар мен шешімдер» атты пікірталас сессиясы өткізілді. *(жалғасы 2-бетте).*



ТОПЫРАҚ ПЕН ШЛАМДЫ ТАЗARTY ӘДІСІНЕ АРНАЛҒАН ПАТЕНТ

2024 жылы West Dala компаниясы «Мұнай шламдары мен топырақты мұнай өнімдерінің ластануынан тазарту әдісі» атты пайдалы моделіне патент алды. Құжатты РМК «Ұлттық зияткерлік меншік институты» берген. Патент Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына қолданылады. West Dala компаниясының патенттелген әдіспен жұмыс істеу тәжірибесі мол, ол арнайы препараттарды қолданудан

және мұнаймен ластанған топырақтар мен шламдарды тазарту кезінде ерекше жағдайларды сақтаудан тұрады. Компания патенттеген пайдалы модель 2015 жылы БҰҰ қабылдаған Тұрақты Даму Мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге, соның ішінде жердің экожүйелерін қорғауды, қалпына келтіруді қамтамасыз етуге және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесуге ықпал етеді.




КӨРМЕ

KIOGE 2024

Алматыда өткен KIOGE 2024 «Мұнай және Газ» 29-шы Қазақстандық халықаралық көрмесі мен конференциясы 20 елден 340-тан астам компанияны жинады. Іс-шарада мұнай мен газды өндіруге, өңдеуге және тасымалдауға арналған жаңа технологиялар, сондай-ақ автоматтандыру және өнеркәсіптік қауіпсіздік шешімдері ұсынылды.

West Dala компаниясы үшін көрменің маңызды бөлімдерінің бірі «Мұнай-газ кен орындарына сервистік қызмет көрсету» және «Экологиялық табиғатты қорғау қызметтері» болып табылады. Біздің әріптестеріміз қалдықтарды тазартуға арналған жаңа препараттармен танысты, сондай-ақ ірі компаниялардың семинарларына қатысты. Атап айтқанда, «Қаламқас Хазар жобасында жергілікті қамтуды дамыту және отандық өндірушілерді

қолдау» семинарына қатысты. KIOGE шеңберінде «KazService» Қазақстанның мұнай сервистік компаниялары одағы мүшелерінің жалпы жиналысы өтті, онда ұйымның қызметі, мұнай сервистік бизнесті



мемлекеттік реттеу мәселелері және заңнамалық бастамалар талқыланды.



МАҢЫЗДЫ GEWR САБАҚТАРЫ


(Жалғасы. Басы 1-бетте.)

Форумдағы маңызды сәттердің бірі қалдықтармен дұрыс жұмыс істеу туралы халықтың хабардарлығын арттыруға бағытталған 2024-2029 жылдарға арналған экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасының тұсаукесері болды.

«Қазіргі әлемде климаттың өзгеруінің өзекті мәселесін шешу аса маңызды болып отыр. Өз міндеттемелеріне жауапкершілікпен қарайтын компания ретінде «West Dala» ЖШС «Жасыл» экономика тұжырымдамасының дамуына өз үлесін қосуға ұмтылады. Қазіргі уақытта Компания энергия тиімділігі, метан шығарындыларын

азайту және төмен көміртекті технологияларды енгізу мәселелеріне ерекше назар аудара отырып, осы салада бірқатар бастамаларды жүзеге асыруда. 2023 жылдың басында біз БҰҰ-ның Жаһандық шартының қатысушылары болдық, осылайша метан шығарындыларын азайтуға өз міндеттемелерімізді растай отырып, сондай-ақ форумда атап өтілген ESG бойынша өте жоғары рейтингке ие болдық», – деді форум делегаты Светлана Сатанова, «West Dala» ЖШС қоршаған ортаны қорғау менеджері. GEWR форумына ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің, Қалдықтарды басқару департаментінің өкілдері, табиғат пайдаланушы компаниялардың

өкілдері, салалық және мамандандырылған қауымдастықтар, агенттіктер, сарапшылар, республикалық және өңірлік БАҚ өкілдері қатысты. Форум қатысушыларының пікірінше, талқылау барысында көтерілген барлық өзекті мәселелер ұзақ мерзімді шешімдер қабылдау кезінде ескерілетін болады.



ФОРУМ

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Оралдағы VII «Uralsk Green Forum» ауқымды экологиялық форумына мемлекеттік және жеке секторлардан, салалық және мамандандырылған қауымдастықтардан 200-ден астам қатысушы, сондай-ақ экология, табиғат пайдалану, жасыл энергетика сарапшылары мен мамандары, депутаттар қатысты. Форум жұмысына West Dala компаниясының делегаттары ең озық қолжетімді технологияларды енгізу тәжірибесі мен мүмкіндіктерін зерттеу үшін қатысты. Форум барысында климаттың өзгеруі, энергия үнемдеу, таза өндіріс және жасыл қаржыландыру, ЖЭК пайдалану және өнеркәсіптегі төмен көміртекті даму, сондай-ақ экологиялық стартаптар мен жаңа инновациялық технологиялар саласындағы мемлекеттік саясат мәселелері көтерілді.

Форумда мердігер компаниялардың, қайта өңдеуші компаниялардың және қалдықтарды басқаруды оңтайландыру жобаларына тартылған студент жастардың қатысуымен «Қалдықтарды басқарудағы орнықты даму» атты панельдік сессиясы ұйымдастырылды. Форум аясында ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің БҚО бойынша экология департаменті, БҚО табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, КПО Қазақстандық филиалы және М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті арасында бірқатар құжаттарға, соның ішінде қайта өңделген өнеркәсіптік қалдықтарды қайталама шикізат ретінде қолдану мүмкіндігі саласындағы ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы Меморандумға қол қойылды.

Форумға қатысушылар Батыс өңірінің тұрақты дамуына бейілділігін білдіре отырып, өткізілген іс-шараның тиімділігін атап өтіп, БҚО-да және облыста жұмыс істейтін компанияларда ESG-трансформация мен стратегияны енгізу қажеттілігі туралы келісімге келді.



БІЛІМ

БІЗДІҢ САЛАНЫ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

«West Dala» ЖШС жұмыс тобының және «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ эколог-оқытушыларының бірлескен күш-жігерінің арқасында 2024 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі «Қалдықтарды басқару» атты білім беру бағдарламасын мақұлдады. Биыл университеттің оқу процесіне алғаш рет қалдықтарды басқару саласы үшін мамандар даярлауға бағытталған бағдарлама енгізілуде. «Қалдықтарды басқару – еліміз «жасыл экономиканы» дамытуға ұмтылатынын ескере отырып, қазіргі қазақстандық қоғам үшін маңызды тақырып. Оқуға қазақ бөлімшесінің 13 бакалавриат студенттерінен және орыс бөлімшесінде екі студенттен тұратын топтар тартылды. Төрт жыл бойы біз қалдықтармен жұмыс істеу инфрақұрылымын құру кезінде экологиялық, экономикалық және әлеуметтік аспектілерді ескере отырып, инновациялық тәсілдерді қолдануға қабілетті мамандарды даярлайтын боламыз», - деп

түсіндіреді «Экология» кафедрасының меңгерушісі, техникалық ғылымдардың кандидаты Мансия Есенаманова.

«Біз Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде қалдықтарды басқару бойынша білім беру бағдарламасы енгізілгеніне өте қуаныштымыз. Қалдықтарды басқару саласында білікті мамандарды даярлау мәселесі біздің елімізде, әсіресе өнеркәсіптік қалдықтардың едәуір мөлшері бар мұнай өндіруші өңір болып табылатын Атырау облысы үшін бұрыннан өзекті болып келеді. Біздің компания осы қалдықтарды 19 жыл бойы өңдеу мәселелерімен айналысады және біз студенттермен бөлісе алатын үлкен практикалық тәжірибе жинақтадық», – деп атап өтті «West Dala» ЖШС компаниясының Корпоративтік даму жөніндегі директоры Диас Хабиев. Осы бағдарлама бойынша оқыту түлектерге болашақта еңбек нарығында сұранысқа ие маман болуға және қалдықтардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына

зиянды әсерін азайту мақсатында қалдықтарды қауіпсіз және тиімді басқаруды қамтамасыз етуге өз үлесін қоса отырып, осындай маңызды кәсіпте өзін іске асыруға мүмкіндік береді.



ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР

БІР ӨКІЛДІҢ ОРНЫНА ҮШ ӨКІЛ


«West Dala» ЖШС мен еңбек ұжымы арасында 2024-2029 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды. Осы күндері шарт Атырау облысының мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы тарапынан мониторингтен сәтті өтті, бұл оның заңнама талаптарына және екі тараптың мүдделеріне сәйкестігін растайды.

Жаңа Ұжымдық шартта компанияда бар барлық әлеуметтік жеңілдіктер мен алдыңғы құжатта көзделген кепілдіктер сақталып, кейбір шарттар жақсартылды. Өзгерістер әлеуметтік-еңбек қатынастарын дамыту жөніндегі шараларды жетілдіруге, қызметкерлердің құқықтарын қорғауға және персоналды басқару

жөніндегі жұмыстарға бағытталған.

«Біз бұрын жұмысшылардың бір өкілі болғанын, бірақ қазір олардың үшеуі бар екенін қуана хабарлаймыз. Бұл өзгеріс еңбек ұжымы санының артуына және барлық қызметкерлердің мүдделерін тиімдірек көрсету қажеттілігіне байланысты болды. Үш өкілдің болуы қызметкерлердің пікірлерін неғұрлым жедел және толық ескеруге, сондай-ақ қызметкерлер мен басшылық арасындағы жақсы қарым-қатынасты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», - деп атап өтті АРЖӨҚ бөлімінің бастығы Сағытжан Оралбаев. Ұжымдық шарт одан әрі нәтижелі ынтымақтастық үшін және біздің компанияның барлық қызметкерлері

үшін қолайлы жұмыс атмосферасын құру үшін негіз қызметін жалғастырады.



НЫСАНДАР

«ПРОРВА» ҚҰСТАР МЕКЕНІ

West Dala компаниясының «Прорва» Қалдықтармен жұмыс жасау кешеніндегі (ҚЖК) тоғаны шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды басқару және экологиялық тепе-теңдікті сақтау мақсатында жасалған. Алайда, бұл тоған флора мен фауна үшін табиғи оазиске айналды. Оны шағалалар мен басқа да құстар мекендеп, жылы мезгілде ұя салып, балапан басып шығарады. «Биыл бірнеше құс түрінің отбасылары ұя салды. Сонымен қатар кешен аумағына жабайы үйрек қоныстанды. Бұл байқаулар біздің қызметіміздің аумақтың биологиялық әртүрлілігіне теріс әсер етпейтінін және жабайы табиғат үшін қолайлы жағдайлар жасап жатқанымызды көрсетеді» – деп түсіндіреді «Прорва» ҚЖК экологы Ислам Сағынбаев.



«Прорва» және «Теңіз» Қалдықтармен жұмыс жасау кешендеріндегі экологтар қоршаған ортадағы өзгерістерді бақылаумен белсенді түрде айналысады. Олар судың және топырақтың сапасына үнемі талдау жүргізіп, әртүрлі процестердің экожүйеге әсерін бағалап, мүмкін болатын теріс әсерлерді азайту шараларын әзірлейді. Олардың жұмысының маңызды бөлігі табиғи ресурстарды



сақтау және қалпына келтіру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру болып табылады.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

МАҚАТ АУДАНЫНА 100 ЖЫЛ!

Биылғы жылы Атырау облысының Мақат ауданы – мұнай өнеркәсібі, темір жол тасымалы және мұнай мен газды тасымалдау орталығы жүз жылды атап өтеді.

«Мұнайлы елім – киелі жерім» атты салтанатты іс-шарада ауданның дамуына қосқан үлесі үшін құрметті тұрғындар мен ардагерлер медальдармен және төсбелгілермен марапатталды. «West Dala» ЖШС Бас директоры Қ. Ш. Салахаденовке жолданған Мақат ауданы әкімінің Алғыс хаты мен медалін Комплаенс бөлімінің бастығы Жанболат Елубаев алды, ол компания атынан Мақат ауданының тұрғындарын осы атаулы мерейтоймен құттықтап, West Dala әлеуметтік жобаларды қолдауға

қатысты сұрауларға әрқашан жауап беретінін және алдағы уақытта Атырау облысы Мақат ауданын дамыту мақсатында одан әрі



ынтымақтастыққа дайын екенін атап өтті.



АКЦИЯ

ҚАРТ АДАМДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚПЕН

Қазан айының бірінші күні біздің компания Халықаралық қарттар күніне арналған іс-шараға қуана қатысты. Осы ерекше күні біз «Белсенді ұзақ өмір сүру және зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің алты керемет адамын қолдадық. West Dala компаниясынан олар әртүрлі сүт өнімдерін, азық-түлік өнімдерін, жаңа піскен көкөністер мен жемістерді қамтитын азық-түлік жиынтықтарын алды. Әрбір жиынтық 43 мың теңге сомасында болды, бұл Қазақстан Республикасының 2024 жылға

арналған азық-түлік себетіне толық сәйкес келеді. Бұл бастама біздің команданың бірлігі мен әлемді жақсартуға деген шынайы ниетінің арқасында мүмкін болды. «Біз аға буынды мерекемен құттықтадық, ал олар өз кезегінде зейіні мен сыйлықтары үшін шын жүректен алғыстарын білдірді», – деді «West Dala» ЖШС адами ресурстар және өндірістік қатынастар бөлімі бастығының орынбасары Асыл Теміртасова. Егде жастағы адамдарға қамқорлық жасау - бұл біздің ортақ жауапкершілігіміз, және мұндай

сәттер ортақ іске үлес қосудың маңыздылығын және қоғамның тұрақты дамуы үшін ынтымақтастық қажеттілігін еске салады.



БАЙҚАУ

ОҢ ӘСЕР

БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі Жаһандық шартының өршіл мақсаттары бар, олар адамдардың арқасында шындыққа айналады. Мұндай тұлғалардың ауқымы үлкен, өйткені олар басқа адамдардың

оқиғалары мен өміріне әсер етеді. Қазақстандағы Тұрақты дамудың пионерлері – SDG Pioneers байқауы осындай тұлғаларға арналған. Іс-шараны БҰҰ Қазақстанда алғаш рет тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге елеулі үлес қосатын бизнес өкілдерінің еңбегін тану мақсатында өткізді. West Dala компаниясынан осы байқауға Денсаулық сақтау қызметінің үйлестірушісі Гаухар Бекетаева – ерікті және спорт белсендісі ұсынылды. Ол компанияда жүгіру марафондарының қатысушысы және «Runclub Atyrau» жүгіру

әуесқойлары клубының құрушысы ретінде танымал. Гаухар өзінің үлгісімен компанияның көптеген қызметкерлерін спортпен шұғылдануға тарта алды, осылайша БҰҰ-ның Жаһандық шартының орнықты даму мақсаттарының бірі ретінде денсаулық пен әл-ауқатты сақтау тақырыбын алға тартты. Біз Гаухар Бекетаеваға белсенділігі үшін алғыс айтамыз және барша адамдарды дамуға және басқа адамдардың өмірін жақсы жаққа өзгертетін мақсаттарға жетуге шақырамыз!



ҚОЛДАУ

МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

West Dala асыл және маңызды «Мектепке жол-2024» қайырымдылық жобасынан тыс қалмады. Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаментінің хаты негізінде аз қамтылған отбасылардан шыққан екі бала жаңа оқу жылына дайындық үшін 75 мың теңгеден алды. Материалдық көмекті West Dala компаниясының қызметкері Әлия Мүфтағалиева облыс әкімдігінің өкілінің қатысуымен тапсырды. Сондай-ақ, компания Атырау облысы білім басқармасының Облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйінің екі тәрбиеленушісіне көмек көрсетеді. Қазіргі уақытта балалар демалыста.

* * *

Өткен жылдан бастап West Dala Білім күні қарсаңында қызметкерлерге материалдық көмек көрсету үшін әлеуметтік бағдарламаны кеңейтті.

Атырауда 21 қызметкер және Маңғыстауда 2 қызметкер мектеп тауарларын сатып алу мақсатында бір балаға 25 мың теңге сомасына ірі сауда желісінің сертификаттарын алды. Осылайша, биыл компания 68 оқушыға жаңа оқу маусымына дайындалуға қолдау көрсетті. Сондай-ақ, Атырау облысы Алмалы ауылдық округі әкімдігінің тізімі бойынша



сертификаттар округтің аз қамтылған және толық емес отбасыларынан шыққан 11 балаға беру үшін әкім Гульшат Төлегенқызы Аухадиеваға табысталды.



ЭКО АКЦИЯ

РЕТРО САЯБАҚТАҒЫ СЕНБІЛІК

«Таза Қазақстан» акциясы аясында қыркүйек айында Ретро-паркте кезекті «Таза саябақ» акциясы өтті, оған әр түрлі ұйымдардан 250 қызметкер, оның ішінде West Dala

компаниясының қызметкерлері қатысты. Жарты күн ішінде көптеген пайдалы жұмыстар жасалды: парк аумағы суарылды және көгалдарды төсеуге және суару жүйесін орнатуға

дайын. Сондай-ақ, акцияға қатысушылар ойын алаңы мен қоқыс жәшіктерін тазалап, 50 тоннаға жуық қоқыс жинады.

